

**«Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясы» ШЖҚ КМК
бойынша, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлыққа
қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қызметкерлермен өткізген
жиналыс хаттамасы.**

Атырау қаласы

18 қыркүйек 2025 жыл

Төрағасы: У.М.Мухтарова Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының директоры.

Хатшысы: Д.Ж.Абдрахманова Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының комплаенс офицері.

Қатысқандар: Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының әкімшілік қызметкерлер, дәрігерлер, аға мейірбикелер, есепші, комплаенс офицер.

Өткізу уақыты: 18.09. 2025г., сағат 14-30, мекеме мәжіліс залы.

Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Төрағалық еткен Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының директоры – Мухтарова Улжан Маустовна

Хатшысы Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының комплаенс офицері – Абдрахманова Диляра Жиеналиевна.

Қатысқандар: Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының қызметкерлері (дәрігерлер және орта буын, кіші буын медициналық қызметкерлер) – 26 адам.

Күн тәртібінде

- 1. Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясы ШЖҚ КМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2024-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын алу бойынша іс – шаралар жоспарын орындау.**

(директор Мухтарова У.М., комплаенс офицер Абдрахманова Д.Ж.)

Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясы ШЖҚ КМК қызметі келесі нормативтік-құқықтық актілерге негізделеді:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы.
- ҚР еңбек кодексі және денсаулық сақтау саласындағы нормативтер.
- Мекеменің ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты.

Негізгі бағыттар мен міндеттер:

Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясы ШЖҚ КМК әкімшілігі мен ұжымы келесі талаптарды орындауға міндетті:

- Мүдделер қақтығысын болдырмау: Шешім қабылдау кезінде жеке мүдде мен қызметтік міндеттер арасындағы қайшылықтарды жою.
- Қаржылық ашықтық: Мемлекеттік сатып алулардың ашық өтуін бақылау, бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты жұмсалуды қамтамасыз ету.
- Тегін медициналық көмек: Балаларға көрсетілетін қызметтердің тегін екендігі туралы ақпараттың қолжетімділігі (стендтер, сайттар арқылы).

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг: Жұмысқа қабылдау, дәрі-дәрмек бөлу және жолдамаларды рәсімдеу процестеріндегі тәуекелдерді талдау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау кестесі

Сала	Тәуекел түрі	Алдын алу шарасы
Кадр саясаты	Туыстық байланыс немесе пара арқылы жұмысқа алу	Конкурстық негізде қабылдау, комиссия жұмысы
Мемлекеттік сатып алу	Өнім берушілермен сөз байласу	Электрондық портал арқылы ашық тендерлер өткізу
Медициналық қызмет	Жолдамаларды заңсыз беру	Кезек тізімін автоматтандыру және ашықтығын тексеру

Практикалық іс-шаралар: Мекеме ішінде жүргізілетін тұрақты жұмыстар-

- Комплаенс-қызметі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жауапты тұлғаны (комплаенс-офицер) тағайындау және оның тәуелсіздігін қамтамасыз ету.
- Этикалық нормалар: Дәрігерлер мен қызметкерлер арасында «Деонтология және медициналық этика» кодексін сақтау.
- Кері байланыс: Азаматтар үшін «Сенім жәшіктерін» орнату, басшылықтың жеке қабылдау кестесін жариялау және Call-орталықтар жұмысын ұйымдастыру.

Маңыздысы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның 16-бабына сәйкес, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде (соның ішінде ШЖҚ КМК) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптардың сақталуына басшы тікелей жауапты болады.

Облыстық фтизиопульмонология балалар санаториясының ШЖҚ КМК (бұдан әрі –Кәсіпорын) 2024-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын заң бұзушылықтар көріністерінің алдын алу бойынша түсінік.

Жиналыс барысында директор Мухтарова У.М.- Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы ММ – нің басшысы Қ.Абдалиевтың 2025 жылғы 17 наурыздағы № 86 н/қ «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы» бұйрығына және Атырау облысы әкімі аппарат басшысының 05.03.2025ж «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу» №4 үлгілік базалық бағыттың жүзеге асырылуы туралы іс-шаралармен таныстырды.

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының 2024 жылғы 20 ақпандағы № 06-01-07-05-1/737 санды хатына сәйкес ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Е.Р.Серікқалиевпен келісілген «Атырау облысы жергілікті атқарушы органдардың қызметіндегі медициналық техниканы сатып алу және оның халыққа қол жетімдігі, медициналық ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақы қоры, медициналық мекемелердің құрылыс-жөндеу жұмыстары мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі іс – шаралар жоспары»- талқылады, және де алға қарай Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша атқарылатын шараларды жеке – жеке талдау жасап, орындаушылықтар бойынша тиісті шаралар жүргізу, алдын алу жұмыстарын атқаруды тапсырды.

Қызметкерлерге Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселері бойынша түсіндіру қажеттілігінің маңызы зор екендігі жеткізді.

Д.Ж. Абдрахманова